

"Ақтау теңіз порты" арнайы экономикалық аймағының аумағында Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Салық комитетінің "Ақтау теңіз порты" салық комитеті" мемлекеттік мекемесін құру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 22 желтоқсандағы N 1284 қаулысы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 15-бабына сәйкес, сондай-ақ "Ақтау теңіз порты" арнайы экономикалық аймағының аумағында қызметін жүзеге асыратын ұйымдарды салықтық әкімшіліктендіруді жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Ақтау теңіз порты" арнайы экономикалық аймағының жұмыс істеу кезеңіне "Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Салық комитетінің "Ақтау теңіз порты" салық комитеті" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - Комитет) құрылсын.

2. Комитетті қаржыландыру тиісті жылға арналған республикалық бюджетте Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне көзделген қаражат есебінен және шегінде жүзеге асырылады деп белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен :

1) "Штат санының лимиттерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 1 сәуірдегі N 134 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Салық комитетінің аумақтық органдары қызметкерлері штат саны лимиттерінің шегінде Комитеттің штат санын белгілеу жөніндегі;

2) Комитет туралы ережені бекіту және оның әділет органдарында тіркелуін қамтамасыз ету жөніндегі шараларды, сондай-ақ осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

4. Осы қаулы 2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі